



**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

*Әлихан Бөкейхан – Алаш партиясының негізін
қалаушы*

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2026



Əлихан Бөкейхан (1870-1937)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

***Әлихан Бөкейхан – Алаш партиясының
негізін қалаушы***

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2026

3

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
Б 78

**Ә. Бөкейханның туғанына 160 жыл толуына орай
биобиблиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты
Жумабаев Қ.С., құраст.: Шадманова Г.Қ. - Қ.Жұбанов
атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми
кітапханасы.2026.-23бет.**

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған биобиблиографиялық көрсеткіш қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі, Алаш партиясының негізін қалаушы әрі оның үкіметінің тұңғыш төрағасы, көрнекті ғалым, публицист және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның туғанына 160 жыл толуына арнап шығарылған.

Көрсеткіште Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметі қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихында ерекше орын алғаны және ұлттың тәуелсіздігі жолындағы күресі, ғылыми еңбектері мен ағартушылық қызметі туралы мәліметтер енгізілген.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937) - XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

1870ж. наурыздың 5 бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ші ауылында туған. Бұл қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы бұрынғы Қаратал кеңшарының жеріне қарасты, 1992 жылы Ақтоғай аудандық кеңестің шешімімен Ә.Н. Бөкейханов есімі берілді.

Әлихан Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата тегі: Бөкей - Батыр - Мырзатай - Нұрмұхамед - Әлихан. Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың

қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны техник мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890-1894 жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқиды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатысып, XX ғасырдың босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шыңдай түсті. Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі

Нұрмұхамед.

Әлиханدى әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады.

Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны да «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Осыдан кейін он алты жасар Әлихан 1888 жылы Омбы техникалық училищесіне қабылданады. Төрт жыл бойы үздік оқыған алғыр шәкіртіне риза болған мүмкіндік жасайды.

Сөйтіп ол жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, 1894 жылы Ресей империясының елордасы Санкт-Петербургға барып, Орман шаруашылығы институтының экономика факультетіне түседі. Ол

мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

Әлихан Бөкейханның қоғамдық қызметі 1905 жылы басталды. Ол осы жылы Ресейдің бірінші мемлекеттік думасына депутат болып сайланды. Осы кезеңде ол қазақ халқының құқықтарын қорғау мәселелеріне белсенді араласты. Ол қазақтардың жер мәселесі, білім алу құқықтары және ұлттық мәдениетті сақтау мәселелерін көтерді.

Әлихан Бөкейханның шығармашылық жолы да өте бай болды. Ол қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармашылығын зерттеп, оның өмірі мен шығармаларын алғаш рет ғылыми тұрғыдан талдады. Оның «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» атты мақаласы қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған еңбектердің бірі болып саналады.

Сонымен қатар, Әлихан Бөкейхан қазақтың тарихы, мәдениеті және этнографиясы туралы

көптеген мақалалар жазды. Ол қазақ халқының тарихын зерттеп, оны әлемдік қауымдастыққа танытуға үлкен үлес қосты.

САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Әлихан Бөкейханның саяси көзқарастары оның өмірінің соңына дейін өзгеріссіз қалды. Ол қазақ халқының тәуелсіздігі мен өзін-өзі басқаруын қолдады. Ол Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы шықты және қазақтардың құқықтарын қорғау үшін күресті.

1917 жылы Ресейде болған Ақпан төңкерісінен кейін Әлихан Бөкейхан қазақ халқының автономиясын құру мақсатында «Алаш» партиясын құрды. Бұл партия қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғауды мақсат етті. 1917 жылы «Алаш» партиясы Семей қаласында өткен құрылтайда қазақ автономиясын жариялап, Әлихан Бөкейханды оның төрағасы етіп сайлады.

Алаш автономиясы 1920 жылы Кеңес үкіметі тарапынан жойылғанымен, Әлихан Бөкейханның саяси қызметі қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күрестің символы болып қалды.

ЖЕКЕ ӨМІРІ

Әлихан Бөкейханның жеке өмірі туралы мәліметтер өте аз. Ол өзінің жеке өмірін көпшілікке жария етпеген. Оның отбасы туралы да нақты ақпараттар жоқ. Дегенмен, оның қоғамдық қызметі мен шығармашылық жолы оның жеке өмірінен маңыздырақ болды.

МҰРА ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Әлихан Бөкейханның мұрасы қазақ халқының тарихында ерекше орын алады. Оның саяси қызметі, ғылыми еңбектері және ағартушылық қызметі қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына үлкен әсер етті. Ол қазақ халқының ұлттық санасын оятып, оның тәуелсіздігі үшін күресуге

шақырды.

Әлихан Бөкейханның еңбектері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Оның шығармалары қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған еңбектердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, оның саяси қызметі қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күрестің символы болып қалды.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын.

Халық ісін орнын салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылғы шебер істеген әдіс керек.

Адам баласы бір-біріне өкімші де, құл да болған.

Байлық түбі - ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды.

Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса - башқұртша көріп мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді.

Еуропада халық партия болғанда адаспас ақ жол табамыз деп, адам аспас асқар белден асамыз деп, жұрт ілгері басатын іс қыламыз деп таласады.

Қазақ сайлауы - жұртқа келген бір жұт: сайлау жылы мал бағусыз, егін салусыз, пішен шабусыз қалады.

Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса - үкімет ісін бөліп қойған оң болады.

Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады.

Байлық басы көпке байлаулы емес - базарда ақша болатынға байлаулы.

Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді: молда үкіметтей ақша алса - сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады. Жалақы алған молдалар үкіметке жетекшіл болып, еріп кетеді.

Дүниеде не болса да бірте-бірте аздап ілгері

басып болады.

Талас-тартыс жоқ болса - өмір абақтыға айналар еді.

Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса - қазақ халқы соңынан ерер еді.

Әр замананың өз рәсімі, өз салты бар. Біздің замандағы салт: әркім құқына таласу, хұқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды.

Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздер болар.

Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі – өмір сүру мәселесінің зоры.

Адам қызметіне кіріспей қазына тумайды.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1994

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар: учебное пособие/ Ә. Бөкейханов. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 383 бет.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалар: художественная лит-ра/ Ә. Бөкейханов. - Алматы: Казакстан, 1994. - 384 бет.

1995

3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Избранное/ Ә. Бөкейхан.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. - 478 бет.

2009

4. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы.: 1том. Монография, ғылыми ізденістер, мақалалар, әдеби аудармалар. 1889-1903 (Омбы-Қарқаралы - С.-Петербург-

- Омбы)/ Ә. Бөкейхан; Құраст.: С.А.Жүсіп. Қазақ және орыс тілдерінде. - Астана: Сарыарқа, 2009. - 564 бет.
5. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы: II том. Монографиялар, ғылыми ізденістер, мақалалар, әдеби аудармалар. 1904-1906 (Омбы-Қарқаралы - С.-Петербор-Омбы)/ Ә. Бөкейхан; Құраст.: С.А.Жүсіп. Қазақ және орыс тілдерінде. - Астана: Сарыарқа, 2009. - 566 бет.
6. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы: III том. Монография, ғылыми ізденістер, мақалалар, әдеби аудармалар. 1907-1913 (Омбы-Қарқаралы - С.-Петербор-Омбы)/ Ә. Бөкейхан; Құраст.: С.А.Жүсіп. Қазақ және орыс тілдерінде. - Астана: Сарыарқа, 2009. - 555 бет.
7. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы: 5 том. Мақалалар, әдеби сын, фольклорлық зерттеулер, әдеби аудармалар,

хаттар, жеделхаттар (телеграмдар). 1907, 1913-1915/ Ә. Бөкейхан; Құраст.: С.А.Жүсіп. Екі тілде. - Астана: Сарыарқа, 2010. - 560 бет.

8. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы: 4 том. Иртышъ, Омичъ және Голось степи газеттері (Степной край, Семипалатинский листокъ). Мақалалар, алдаулар, хаттар, жеделхаттар (телеграмдар). 1897, 1905, 1906-1907/ Ә.Бөкейхан; Құраст.: С.А.Жүсіп. Екі тілде. - Астана: Сарыарқа, 2010. - 568 бет.

2016

9. Бөкейхан Ә. Таңдамалы-Избранное. Т. 14: к изучению дисциплины/ Ә. Бөкейхан; Қазақша, орысша. - Астана: "Сарыарқа" баспасы, 2016. - 500 бет: суретті.
10. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения: Том I: қазақша, орысша/ Ә. Бөкейхан . - Астана: Сарыарқа, 2016. - 608 бет.

11. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:
Том II: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан. -
Астана: Сарыарқа, 2016. - 680 бет.
12. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:
Том III: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан. -
Астана: Сарыарқа, 2016. - 656 бет.
13. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:
Том IV: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан. -
Астана: Сарыарқа, 2016. - 656 бет.
14. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:
Том V: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан. -
Астана: Сарыарқа, 2016. - 616 бет.
15. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:
Том VI: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан. -
Астана: Сарыарқа БҮ, 2016. - 656 бет.
16. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:
Том VII: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан. -
Астана: Сарыарқа, 2016. - 672 бет.
17. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинение:
Том VIII: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан. -

- Астана: Сарыарқа, 2016. - 600 бет.
18. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:
Том IX: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан. -
Астана: Сарыарқа, 2016. - 576 бет.
19. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:
Том X: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан . -
Астана: Сарыарқа, 2016. - 576 бет.
20. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:
Том XI: қазақша - орысша/ Ә Бөкейхан. -
Астана: Сарыарқа, 2016. - 576 бет.
21. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:
Том XII: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан. -
Астана: Сарыарқа, 2016. - 568 бет.
22. Бөкейхан Ә. Шығармалары. XIII том. Қазақ
және орыс тілдерінде.: Мақалалар, сыни
пікірлер, ғылыми зерттеулер, көркем және
ғылыми аудармалар, хаттар, тергеу
материалдары/ Ә. Бөкейхан. - Астана:
Сарыарқа, 2016. - 485 бет.
23. Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения:

XV: қазақша - орысша/ Ә. Бөкейхан. -
Астана: Сарыарқа, 2016. - 576 бет.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз.....</i>	<i>5</i>
<i>Әлихан Бөкейханның өмірбаяны.....</i>	<i>6</i>
<i>Қоғамдық қызметі мен шығармашылық жолы.....</i>	<i>10</i>
<i>Саяси көзқарастары мен қызметі.....</i>	<i>11</i>
<i>Жеке өмірі.....</i>	<i>12</i>
<i>Мұра және маңызы.....</i>	<i>12</i>
<i>Әлихан Бөкейханның нақыл сөздері.....</i>	<i>14</i>
<i>Әлихан Бөкейханның еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....</i>	<i>17</i>